

МАЙДАН ДАЛАСЫНДА ШЫРҚАЛҒАН ӘН



Герман фашистері Совет еліне шабуыл жасағанда өнер қайраткерлері де қол қусырып қарап отырған жоқ. 1942 жылы июньде қазақстандық 14 адам Мәскеуге барып, одан Солтүстік-Батыс майданға аттандық. Олардың ішінде Күләш, Жамал, Манарбек, Әнуарбек, мен және бірнеше адам бар еді. Жол соншалықты қиын. Бір бөлімшеден екінші бөлімшеге арнаулы адамдар жеткізіп салады. Жері саз. Қиындықтың талайын бастан өткердік. Машина батпақтап қалған кездерде ағаштың бүтін бөліктерін, шыршаларды жинап, шығарып алдық.

Болдай станциясына поезбен, самолеттердің қорғауымен келдік. Қала көл жағасына орналасқан екен. Қалың орман, көз ұшында монастырь (шіркеу) көрінеді. Күніне екі-үш концерт беріп, екі күн қалада болдық. Сары масасы бармақтай. Біз баратын жерлерге күні бұрын хабарлап отырады. Орманның алаңқыларына тақтайдан сахна жасап, бізге арнаулы күрке қояды. Барғандар жандарын салды, аянып қалған жоқ.

Концерт соңында көп ұлтты солдаттар сахнаға қаптап шығып: «Ел-жұртына сәлем, біз жауды жеңіп қайтамыз!», – деп, құшақтап сүйісіп қоштасады.

Сол жерде театрдың шефке алған «Прямой путь» колхозының председателі Менякинге кездестім. Екі күн бірге болдық. Кетерімізде үйіне сәлемдеме беріп жіберді. «Қайтар жолдағы Болдай қаласында өткізетін концертімізде әскери генерал болады. Ол кісінің басқаруымен барлаушылар фашистердің бірнеше тілін алып келіп, соның нәтижесінде фашистердің қауіпті бөлімшелері талқандалған», – деді бізге жол нұсқаушылар.

Концерт ойдағыдай өтті. Енді біз үлкен генералды көруге асықтық. Концерт соңында әдеттегідей бізге алғыс сөздер айтылып, қоштасуға келгенде

штаб бастығы бізді үлкен генералмен таныстырды. Үлкен генералымыз 14-15 жасар деревняның қара домалақ баласы болып шықты.

Тағы бір оқиғаны айтып берейін. Кешке жақын бір деревняға жеттік. Соншалықты үлкен деревнядан сау қалғаны небәрі екі-ақ үй. Оның бірі терезесі тас-талқан болған панасыз үй, екіншісінің тек қана орыс пешінің мұржасы аман қалыпты. Басқалары жермен жексен болған. Біз терезесі жоқ үйге келіп, есік-терезесін жөндеп, сонда орналастық.

Ертеңіне тұрып көз жіберсем, анау үйден қалған пештің мұржасынан түтін шығады. Кім болды екен, бұл иесіз қалған деревняда да тірі жан бар екен-ау деп ойладым. Келсем, 8-9 жасар қыз баланы бауырына басып кәрі кемпір отыр. Орыс пешінің жартысы жатар орын да, бір бөлігі от жағатын орны болып шықты. Әбден азап шеккен кемпір үн қатпастан маған қараумен болды. Жөн сұрасып танысқанда: «мен сияқты тағы бір кемпір немере қызымен анау үйде тұрады», – деп бір үңгірді нұсқады. Екі кемпір мен екі қыздың ғана мекені болған деревня өмір сүруін тоқтатпаған. Біздің адамдардың қайтпас қайсарлығын, өз жерін қаншалықты сүйетінін мен сол жолы өз көзіммен көрдім. Кемпірдің самаурын, шәйнегін, қолында бар барлық ыдысын сұрап алып, дереу шай қайнаттым. Ескі самаурын қайта тірілгендей, бұрқылдап тез-ақ қайнап шықты.

Мен жолдастарыма барып:

– Тұрындар, шай әзір болды. Көптен самаурынның шайын ішкен жоқсындар! Тезірек дастарқан жайындар, – деп оята бастадым.

Менің шын сөзіме сенбеген Күләш пен Жамал:

– Елаға-ай, қалжыңыңызды қоймайсыз-ау. Қайдағы шай бұл арада! – деп қайта жата кетті. Бірақ та шындыққа көздері жеткен соң, қыздар орындарынан тұрып, шайға мейлінше құмарларын қандырады.

Қоштасарда: «Біз жауды жеңеміз!» – деген солдаттардың сертін қос кемпір мен екі сәбиге айтып, көңілдерін көтеріп, жігер-қуат, сенім тудырып, азық-түлік тастап қоштастық.

Елге аман-есен жеттік-ау әйтеуір.

«Ұстаздарым-достарым» кітабынан. 1976 ж.
Күләш Байсейітова туралы естеліктер. – Алматы : Білім, 2004. – 256 б.